

Қарағандыдан қанаттанған қыран

Аман ЖАНҒОЖИН, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты



«Құдай қазақтың көңіліндей етіп кең-мол жер берген, оның асты-үстін толтырып кен берген, сол жер мен кенге ие болатын кеңпейіл ел берген», – деп жазған екен Елбасы Н.Назарбаев өзінің бір шығармасында. Қазақтың сондай асты-үсті қазба байлыққа толы құйқалы өлкесі – көмірлі, темірлі Қарағанды. Бұл жердің адамдары да ерек. Талай бұлбұлдар мен дүлдүлдер шығып, туған өлкесін даңққа бөледі. Сондай даңқты перзентінің бірі – Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті, Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев. Оның еңбек және саяси қайраткерлік жолы Теміртаудан, Қарағандыдан басталғаны бүгінде дүйім жұртқа мәлім.

Жас Нұрсұлтан сонау 60-жылдардың басында Днепродзержинскінің техникалық училищесінде домнада от көсейтін горновой мамандығында оқып жүргенде ұстазы Дмитрий Погорелов көздерінен ұшқын атып тұрған, қай істе болсын тиянақты осы бір оқушысына қарап: «Сенен түбі Премьер-Министр шығады» деген екен...

Жылдар өтті. Кешегі жас маман горновой мамандығын жетік меңгеріп, инженер-металлург атағына ие болды. Жастардың жігерлі жетекшісі болып, партиялық қызметке жоғарылатылды. Теміртау қалалық партия комитетінің екінші хатшысынан Қарметкомбинаттың партком хатшысы болу сеніп тапсырылды. Жетпісінші жылдардың басында комбинат өндірістік жоспарларды орындай алмай, ауыр жағдайға тап болғанда Нұрсұлтан Әбішұлы алып өндірістің партия комитетін басқарып, ұтымды істерге ұйытқы болды. Басты себеп – адамдармен жұмыс екенін ұға білген Нұрекең сол адамдарға қамқорлық жасау табыс кілті екенін жадында ұстады. Қаланың әлеуметтік өміріне қатысты Орталық Комитеттің арнайы қаулысын қабылдатқаны ерлікке пара-пар іс еді, деп еске алысады комбинат ардагерлері бұл күндері. Содан кейін қалада тұрғын үй құрылысы қарқын алды, білім, денсаулық сақтау, мәдениет нысандары бой көтеріп, халықтың еңсесі де көтерілді. Тұрғындар тұрмысы оңала бастады. Соның лайықты жемісіндей өндіріс те қалыпты ырғағына көшіп, Магнитка металлургтері Лисаковтың фосфорлы кенін игеру сияқты аса маңызды халық шаруашылық проблемасын шеше алды. Міне, осы кезде Нұрсұлтан Әбішұлы өзін қайраткер, болашағы үлкен басшы ретінде танытып, тәжірибесі толыса түсті. Сонан облыстық дәрежедегі басшы, республика Премьер-Министрі болып тағайындалды. Данышпан Погореловтың бір «сәуегейлігінің» іске асқаны осы тұс. Теміртау мен Қарағанды – Елбасының қайраткер ретінде қалыптасқан отаны деуіміз содан.

Нұрсұлтан Әбішұлы Қарағандыдан қанаттанып, ел Президенті болып сайланғанда Қазақстанның өзге де өңірлерімен бірге өзі түлеп ұшқан Қарағандысын бір сәт есінен шығарған емес. Өлкенің әлеуметтік-экономикалық жағдайын үнемі назарында ұстады. Ереуілге шығып, елірген шахтерлерді сабасына түсіре білді. Ел экономикасы құлдырап, дағдарыс дендеген шақта Қарметкомбинат пен Қарағанды көмір бассейніне бүгінгі «АрселорМиттал Теміртау» АҚ сияқты қуатты инвестор тауып берді. Компания сенімді ақтады. Өндіріске миллиондаған доллар инвестиция құйылды. Жаңа цехтар салынып, комбинат металл өңдеудің төртінші және бесінші сатысын игере бастады.

Мұны Елбасы Н.Назарбаев өзінің Қазақстанның тұңғыш шойынының 40 жылдығына арналған салтанатта (2000 жылғы 3 шілде) сөйлеген сөзінде былай деп атап өткен болатын: «Мені металлургия кәсіпорындарында өндірістің құлдырауы тоқтап, өнім көлемі артып, әлеуметтік мәселелердің шешілуі қанағаттандырады. Біз инвесторды таңдауда қателескен жоқпыз. Бұл жерде ол кәсіпорынды аяғынан тік көтерді, өнім шығаруды қалпына келтірді, мыңдаған мамандарды жұмыс орны және тұрақты жалақымен қамтамасыз етіп отыр. Бұл мысал біз таңдаған жолдың дұрыстығының дәлелі».

Одан кейінгі кезеңде де комбинат пен Қарағанды өңірі қанатын кең жайып, өсіп-өркендей түсті. Дегенмен, өнім өткізуде, нарықты қалыптастыруда іркілістер болмай қалған жоқ. Мұндайда комбинат басшылары байырғы металлург, іскер басшы, Елбасы Н.Назарбаевтың көмегіне сүйенеді. Ол болса, Теміртау мен облыстың әлеуметтік-экономикалық мәселелеріне үнемі назар аударып, батыл шешім, байыпты істерді қолдап отырады. Мысал ретінде кейінгі жылдары қабылданған шағын қалаларды дамытуға арналған бағдарламаға облыстың 8 өнеркәсіпті, қанаттас қаласы енгізілгенін, Жезқазған-Бейнеу, Шұбаркөл-Арқалық темір жолдары салынып, Теміртау-Астана тас жолы автобан ретінде қайыра құрылып жатқанын атап өтсек те жеткілікті.

2005 жылы облысқа келген сапарында «Орталық Қазақстан» газетінің бас редакторы Мағауия Сембаймен сұхбаттасқанда Елбасы: «Қарағанды, Теміртау қалаларымен менің өмірімнің аса маңызды да қымбат жылдары байланысты. Сондықтан, мен мұнда жарқын пейілмен, асқақ сезіммен, жақын-туыстарыма жеткендей болып келемін», – деген еді. Қарағандылықтар да Елбасының әрбір сапарын асыға күтіп, мерекелік көңіл-күймен қарсы алуды дәстүрге айналдырған. Елбасы үшін қуаныштың үлкені, тартудың қымбаттысы бой көтерген темір жолдар мен тұрғын үйлер, балабақшалар мен емханалар, басқа да инвестициялық жобалар болмақ. Қарағандылықтар Елбасы алдында ұятқа қалмақ емес. Тарту-таралғылары жеткілікті. Мереке құшағындағы Қарағанды Елбасына құшағын айқара ашады.